

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

7.09.2026 № 14-02-150

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөліміне қарасты білім
беру мекемелеріне**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 02.09.2026 жылғы №1002/15-11-06 хатын мәлімет үшін жолдайды.

Қосымша: Ереже көшірмесі.

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**

А.Беделбаев

Орындаған: Г.Суюндукова
87027010640



Z05K5K8, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғылы 8, 13 қабат
Тел./Факс: +7 (7172) 57-65-56
e-mail: info@daryn.kz

Z05K5K8, г. Астана,
проспект Мангилик Ел 8, 13 этаж
Тел./Факс: +7 (7172) 57-65-56
e-mail: info@daryn.kz

02.09.2026 № 1002145-11-06

Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент
қалаларының білім басқармаларына
Дарынды балалармен жұмыс бойынша
аймақтық орталықтарға
«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ-на
Республикалық білім беру ұйымдарына

«Поэтический эфир. Александр Пушкин»
халықаралық байқауына қатысу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 20-4-20-7/5751-И хатына сәйкес «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Халықаралық орыс тілі ұйымы мен А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік орыс тілі институты ұйымдастыратын «Поэтический эфир. Александр Пушкин» халықаралық байқауы туралы хабарлаймыз.

Байқаудың мақсаты – А.С. Пушкиннің поэтикалық мұрасын насихаттау, орыс тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі мәртебесін нығайту, сондай-ақ дарынды жастарды анықтау және қолдау.

Байқауға Қазақстан Республикасының 14 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтары, оның ішінде жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары мен белгіленген жас талаптарына сәйкес келетін орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің жас педагогтері қатыса алады.

Байқау екі номинация бойынша қашықтықтан өткізіледі:

1. «Если бы Пушкин был моим современником» – ұзақтығы 1 минутқа дейінгі бейнеролик. Жұмысты дайындау барысында жасанды интеллект құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

2. «Топ-5 причин читать Пушкина» – инфографика және А.С. Пушкиннің өлеңін мәнерлеп оқу ұсынылған, ұзақтығы 3 минутқа дейінгі бейнеролик.

Өтінімдер мен байқау жұмыстарын қабылдау 2026 жылғы 20 қыркүйекте Астана уақыты бойынша сағат 23:00-ге дейін «Орыс тілінде

білім беру» порталында жүргізіледі. Көрсетілген сілтемеге кіріп, сол жердегі анкетаны толтырып, жұмыстарды жүктеп жіберу керек.

Байқауға қатысу тәртібі, конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар, қажетті құжаттардың нысандары және қатысушыларды тіркеу туралы толық ақпарат «Орыс тілінде білім беру» порталында орналастырылған: <https://quiz.pushkininstitute.ru/ether/>.

Байқаудың қорытындысы 2026 жылғы 19 қазанда жарияланады.


Байқау жеңімпаздары, оның ішінде орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің жас педагогтері А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік орыс тілі институтының Мәскеу қаласында өтетін бейінді іс-шараларына, соның ішінде Костомаров форумына қатысуға шақырылады.

Шетелдік мектеп оқушылары арасынан жеңімпаз атанған қатысушылар шетелдік білім алушыларға арналған В.Г. Костомаров атындағы халықаралық орыс тілі олимпиадасының жартылай финалына қатысу құқығына ие болады.

Осыған байланысты аталған ақпаратты ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына кеңінен таратып, қызығушылық танытқан білім алушылар мен жас педагогтердің байқауға қатысуына қажетті ақпараттық және ұйымдастырушылық колдау көрсету үшін жолдаймыз.

Ұйымдастырушының байланыс деректері: Шеверева Светлана Анатольевна, shevereva@morya-rl.org, тел.: +7 (862) 445-53-00, қосымша 1308.

Директор



Т. Давлет

Орынд.: М.Бидәулетова
Тел.: 8 (7172) 57-65-63

**Управлениям образования областей,
городов Астаны, Алматы и Шымкента
Региональным центрам по работе
с одарёнными детьми
Автономной организации образования
«Назарбаев Интеллектуальные школы»
Республиканским организациям образования**

*Об участии в Международном конкурсе
«Поэтический эфир. Александр Пушкин»*

В соответствии с письмом Комитета среднего образования Министерства просвещения Республики Казахстан от 18 августа 2026 года № 20-4-20-7/5751-И Республиканский научно-практический центр «Дарын» информирует о проведении Международного конкурса «Поэтический эфир. Александр Пушкин», организованного Международной организацией русского языка и Государственным институтом русского языка им. А.С. Пушкина.

Цель конкурса – популяризация поэтического наследия А.С. Пушкина, укрепление статуса русского языка как языка межнационального общения, а также выявление и поддержка талантливой молодёжи.

К участию в конкурсе приглашаются граждане Республики Казахстан в возрасте от 14 до 35 лет, в том числе обучающиеся общеобразовательных школ и молодые педагоги русского языка и литературы, соответствующие установленным возрастным требованиям.

Конкурс проводится в дистанционном формате по двум номинациям:

1. «Если бы Пушкин был моим современником» – видеоролик продолжительностью до 1 минуты. При подготовке конкурсной работы допускается использование инструментов искусственного интеллекта.

2. «Топ-5 причин читать Пушкина» – видеоролик продолжительностью до 3 минут, включающий инфографику и выразительное чтение стихотворения А.С. Пушкина.

Приём заявок и конкурсных работ осуществляется до 23:00 часов по времени Астаны 20 сентября 2026 года на портале «Образование на русском». Для участия необходимо перейти по указанной ссылке, заполнить размещённую на портале анкету и загрузить конкурсную работу.

Подробная информация о порядке участия в конкурсе, требованиях к конкурсным работам, формах необходимых документов и регистрации участников размещена на портале «Образование на русском»: <https://quiz.pushkininstitute.ru/ether/>

Итоги конкурса будут объявлены 19 октября 2026 года.


Победители конкурса, в том числе молодые педагоги русского языка и литературы, будут приглашены к участию в профильных мероприятиях Государственного института русского языка им. А.С. Пушкина, проводимых в городе Москве, включая Костомаровский форум.

Победители конкурса из числа зарубежных школьников получают право принять участие в полуфинале Международной олимпиады по русскому языку имени В.Г. Костомарова для иностранных обучающихся.

В связи с изложенным просим широко распространить указанную информацию среди подведомственных организаций образования, а также оказать заинтересованным обучающимся и молодым педагогам необходимую информационную и организационную поддержку для участия в конкурсе.

Контактные данные организатора: Шеверева Светлана Анатольевна, электронная почта: shevereva@morya-rl.org, тел.: +7 (862) 445-53-00, доб. 1308.

Директор



Т. Давлет

Исполнитель.: М.Бидаулетова
Тел.: 8 (7172) 57-65-63